


Әдеби
мемуарлар

ҚҰРМАНЖЕК КАЖДАРБЕКОВ
ТҮРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР





ҚУРТАЖБЕК
ЖАҒДАРБЕКОВ
туралы естеліктер



Алматы "Білім" 2005

821.512.122-94

ББК 85.33

Ж 26

Құрастырған:
Рихымбай Сатаев

Ж26 Жандарбеков Құрманбек туралы естеліктер. — Алматы:
“Білім” баспасы, 2005. — 224 бет+12 бет сурет.

ISBN 9965-09-350-4

Бұл кітапта қазақ өнерінің мақтанышы Құрманбек Жандарбековтың сан қырлы, сан салалы шығармашылық ғұмыры, өнерге деген өршіл құштарлығы, сарқылмас қайрат-жігері, өр шабыты көркем суреттелген. Өнерді қастерлейтін жұртшылық кітапты оқи отырып, сүйсінері, өнеге алары сөзсіз.

Ж $\frac{4907000000}{412(05)-05}$

ББК 85.33

ISBN 9965-09-350-4

© “Білім” баспасы, 2005

**Қ. Жандарбековтың
«Көргендерім мен көңілдегілерімнің атты
кітабының әдеби жазбасын жасап, құрастыру-
шы филология ғылымдарының докторы,
профессор Файзолла Оразаевтан**

Құлқын сәриден телефон шыр ете қалды. Ұйқылы көзді бір уқалап сөйлесе бастадым:

– Алло, бұл кім?

– Мен Құрманбек ағаңмын ғой. Кісі қартайған соң ұйқы қашады екен. Тым ерте оятсам, кешіргейсің? Бағыбек ағаңның қолы бос екен, сені ертіп осында келем деді ғой, екеуің уәделесіп пе едіңдер?

Құрағаң сұрақты жаудырғанымен, жауабын күткен жоқ. Кәдімгі күндегісіндей тым жеңіл, тым асығыс. Ол кісі жалпы, солай еді ғой.

Сөздің соңында:

– Мен сағат үш пен төрттің арасында боспын, сол кезде келіңдер, — деп тубканы қоя салды.

Айтқан уақытында жетіп бардық. Есікті өзі ашты. Мен сәлем беріп қол созып едім, Құрекең қолымды ала тұрып, құшағын жайды. Нақ осыны алдында Бағыбек Құндабаевқа да жасаған еді. Сонымен, құшақ жая амандасып, үйге кірдік.

Үйі М.Төлебаев атындағы көше мен Т.Шевченко атындағы көшенің қиылысында, терезе-лоджияларды ашып тастапты. Үйді сырлап, әктеген бе қалай, әйтеуір, ауасын тазарту ниеті байқалып тұр. Май айының аяғы, күн жылы. Лоджияда тұрып аз-кем әңгімелестік.

– Інішегім, мен бірер айға Шымкентке жүргелі отырмын. Педагогикалық-мәдениет институтында мемлекеттік емтихан комиссиясына председатель болыңыз деп қолқа салғалы біраз болып еді. Оз елім ғой, қалай бармаймын. Сөздің қысқасы, мына қолжазба — саған аманат, тек араб әрпімен жазылған, машинисткаларға көшіртіп ал. Сонан соң өңде, бір ізге түсір. Бір дүние етіп шығар. Біраз жайлар жазылмай қалды. Уақыт тығыз, келген соң жазармын. Оны соңынан қосармыз.

Анадағы әлгі магнитофонға жазып алғандарың бар еді ғой, соны пайдалан. Екі сағат сөйлегенде біраз нәрсе айтылған, зер сал. Емтихан біткен соң бір күн де кешікпеймін, келген соң екеулейтін жайлар бар. Ал енді, Шолпанның елі жағынан келген қазы-қарта бар еді, содан дәм татыңдар! — деді Құрағаң.

Шолпан үйде жоқ екен, бір қыз бала ас әзірленді, соны ортаға алдық. Құрағаң көңілді отырды, көп ойлары, жоспарлары бар екен. Бәрін де кейінге қалдырып, осыдан оралған соң бітіремін, келгесін екіншісін бастаймын деген секілді әңгімелерді көп айтты. Біз бас изегеннен басқа бір ауыз сөз айтып үлгерген жоқпыз. Ол кісі өзі сондай, орысша айтқанда, “темпераментный” адам еді ғой. Үсті-үстіне бастырмалатып өзі айтатын да, ең соңынан барып бір-ақ тыңдайтын.

Сонымен, бір сағат қана уақытым бар деген Құрағаңның үйінен үш сағаттан кейін бір-ақ шықтық. Әңгіме, әңгіме, тағы да әңгіме. Аманат, аманат, аманат! Құлағымнан осы бір сөз күні бүгінге дейін кетпей қойды. Қолжазбаны бірнеше рет оқыдым. Тіпті, Құрекеңнің творчествосы жайлы көп ізденіп, зерттеу жұмысын істеуге тұра келді.

Құрекең сол сапардан оралған жоқ. Оны баршамыз білеміз. Аманат, аманат, аманат! Құлағымнан осы бір сөз күні бүгінге дейін кетпей қойды. Құлағымнан осы бір сөз күні бүгінге дейін кетпей қойды. Қолжазбаны бірнеше рет оқыдым. Тіпті, Құрекеңнің творчествосы жайлы көп ізденіп, зерттеу жұмысын істеуге тұра келді.

Қазақ Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет істеп жүрген кезім. Құрекеңді институтқа кездесуге шақырдық. Осы кездесуде өз творчествосы, өмір жолы, режиссерлік лабораториясы жайлы екі сағат сөйлетіп, магнитофонға жазып алдық. Әліндегі жазып алғаның бар еді ғой деп отырған сол. Сол даусы әлі сақтаулы. Опера және драмалық сахнада сөйлеген сөздері, айтқан әндері о жер, бұл жерде бар шығар, бірақ көзі тірісінде әңгіме-лебізінің лентаға жазылғаны осы ғана болу керек.

Өнердің көрнекті қайраткерлерін магнитофонға жазып алуды біз 60-жылдардан бастап дәстүрге айналдырдық. Өйткені, Әміре, Иса, Қажымұқан, Сәкен, Бейімбет, Илияс, Қалыбек сынды ағаларымыздың, Күләш апамыздың даусын кезінде не күйтабаққа, не магнитофонға түсіріп алып қала алмағанымызға өкінішіміз ғой.

“Ештен кеш жақсы” демекші, ең болмаса, көзі тірілерді жазып үлгерейік деп талаптандық. Бұл іске, әсіресе, күш салған қадірменді ағамыз Әбділдә Тәжібаевқа алғыс айта кетуді орынды санаймыз.

Сонымен, Әдебиет және Өнер институтында Серке Қожамқұлов, Қапан Бадыров, Камал Қармысов, Сейфолла Телгараев, тағы басқа біраз актерлердің даусы жазылған фонотека жасалды. Бұл біздің алтын қорымыз десек, артық айтқандық болмас дейміз.

1975 жылы баспадағы жігіттер: “Сіз өнер бөліміндесіз, актерлермен аралас-құралас жүресіз ғой, мына қолжазбаға пікір айтып берсеңіз”, — деп көлемді бір қолжазбаны ұсынды. Бетін ашып қарасам: “Қанабек Байсеітов, “Құштар көңіл”. Әдеби нұсқасын жазып алған Бексұлтан Нүржекеев”, — деп жазылыпты. Осындай жауапты жұмысты сеніп тапсырғанына “Жазушы” баспасындағы жігіттерге риза болғанымды жасыра алмаймын.

Сонымен “өліп-тіріліп” демекші, қолжазбаны үш күн ішінде оқып, рецензия жаздым. Қолжазбаның он шақты беті Құрманбек Жандарбековке арналыпты. Естелік ішінде мынадай сөздер бар екен: “Құрманбек соңғы жылдары бір жолыққанымда өз өмірімнен кітап жазып жүрмін деп еді. Кейбір үзінділерін көрсеткен де болатын”, — депті. Сол қолжазбаның із-түзін таптырмай жүргенін де екерттімі. Сол Қанағаң жоқтаған қолжазбаны іздестірдім. Көп іздедім, табылмады.

1980 жылы театр зерттеушісі Людмила Иванова Бога-тенкованың докторлығы бекіп, соның қуанышында болдық. Ылғи театр қайраткерлері ішінде Шолпан Жандарбекова жеңгеміз де бар. Үзіліс кезінде әңгімелесе-шүйіркелесе кететін әдет. Сөзден сөз туып, Шолпан жеңгемізге Құрағаңның қолжазбасы жайлы айттым. Барын бардай, жоғын жоқтай айттым. Арада жарты жыл өткен соң, жеңгеміз үйге телефон соғып: “Жоғың табылды”, — деді. Құрағаңның арап әрпімен жазылған біраз қолжазбасын арабша білетін бір кісіге Шолпан жеңгеміз оқып шығуға беріп, соңынан қайтарып алуға құнттамай, ақыры ұмыт болған екен. Сонымен бұл қолжазба табылды. Міне, енді бас-аяғы құралып, етек-жеңі жиналып оқырманға ұсынылып отыр.

Бір ескертілері — Шолпан Жандарбекова Құрағаңның өмірлік жолдасы ғой. Көп мән-жайды ол кісіден артық ешкім біле бермейтіні баршаға аян. Сондықтан біраз мәселені, айтталық, кісі аттарын, кейбір ғұмырнамалық даталарды, т.б. анықтауда Шолпан Жандарбековамен ақылдасып, соңғы нұсқаларын оқытып алып отырдым. Уақытын бөліп, жәрдем еткені үшін Шөкеңе көп-көп рақмет!

“Мақтағанды кім жек көреді” деген сөз мәтелге айналып барады ғой. Ал, Құрағаң болмысында мақтағанды да, мақтанғанды да жек көретін. Көсіле сөйлеп, көп мәселеге өзінің көзқарасын, кімдерді ұнатып, кімдерді ұнатпайтынын табан астында айтып салып, қарап отыратын (өзара әңгімеде, әрине). Қолжазбада Құрағаң оған бармады. Сезімді сенімге жеңдірді. “Ауыз екі айта береміз ғой, кітапқа осы жайларды кірістіріп қоймайық”, — деп ескерткені әлі есімде. Меніңше Құрағаңның өз жазбалары нақ солай шыққан.

“Кітаптың соңғы тарауын колемді етсем, қазақ театрының бүгінгі мәселелерінен сөз қозғасам деймін. Режиссер, актер дегеннің кім екенін білмей келіп, өнер тапқан қайраткерлер туралы, жалпы режиссура, оның ішінде ұлт театрында қалыптасқан режиссура туралы кеңірек айтсам деген ойым бар”, — деп еді. Мұны ол кісі қайтып келген соң ғана қолға алмақ болған. Бірақ, өкінішке орай, бұл арманы орындалмады. Енді ол кісі туралы, оның өзінің актерлік, режиссерлік шеберлігі туралы өзге адамның жазуы қажет болып отыр. Бұл әрине, болашақтың ісі. Болашақтың ісі дегенмен, бүгіннен бастап қолға алынуға тиісті іс деп білеміз.

Біз ыгеріде Құрағаң өзін мақтамапты, мақтанбапты дедік қой. Алайда, ол мақтан етуге тұрарлық кісі еді. Мұны тек біз ғана емес, халқы, өмір жолынан бірге өткен, бір болған жолдастары, тәлім-тәрбие алған шәкірттері айтып жүр. Солардың бір-екеуіне ғана тоқтала кетсек, жон болар дейміз.

Қанабек Байсейітов: “Құрманбекті айтсам, қимастықтан көзіме жас келеді. Сахнада да, өмірде де ойын-күлкімен, ашық қабақпен өткен адам ғой ол. Оның өншілігі, ойнау шеберлігі кімдерді сүйсінтпеген. Мінезінің өзі “Мен артистпін” деп тұрғандай ашық, жарқын. Іскер, өте жылдам, көп қырлы талант болатын. Сырт етіп, құдды соғып өткен құйындай ашуланатыны бар-ды. Қас пен көздің арасында онысын ұмыт-

ып, қарқ-қарқ күліп шыға келетін. Лезде кебетін жібек орамалдай жігіт еді-ау Қүрекең”. (Қ. Байсейітов. “Құштар көңіл”. Алматы, “Жазушы”, 1977 ж.)

“Қүрекеңнің артистік тапқырлығы Исаның суырыпсалма ақындығындай еді” (Сонда, 53-бет.)

“Жалпы, Құрманбек қазақ музыка театры құрылғанда, жұртшылық құрметіне алғаш Көтібар батырдың рөлін ойнап ілінген. Сол беделі, сол атағы өле-өлгенше өсті де отырды”. (Сонда, 53-бет.)

“Құрманбек сахнаға шығар кезінде сахнада құдды бір құйын соққандай құбылыс сезуші ем... Ол шыққан соң бүкіл сахна, бірге ойнап жүрген бүкіл актерлер — бәрі өзгеріп, сілкініп, серпіліп сала бергендей көрінуші еді”. (Сонда, 55-бет). “Қазақ өнерін өрге сүйрегендердің ең алдыңғы легінде өтті ғой Қүрекең. Ондай ұлын ел ұмыта ма!” (Сонда, 60-бет)

Шара Жиенкұлова: “Құрманбек “Біржан—Сара”, “Абай” сынды халқымыздың шын мәніндегі классикалық операларының бағына, қай жағынан да, мінез болып жарқырап шығу орайына тап келген құдірет иесі.. Опера (“Біржан—Сараны” айтып отыр—Ф.О.) бүгінге дейін театр сахнасын жарқыратып жүрсе, бұл—Қүрекең еңбегінің бір үлесі”. (Ш. Жиенкұлова. “Өмірім менің—өнерім”. Алматы, “Жазушы” баспасы, 1983 ж., 156-бет.)

“Көркем туынды тірегі—шындық деп жүрміз. Қүрекең мейлі сахнада ойнасын, мейлі сахнаға постановкалар қойсын, әрдайым шындықтың ауылынан табылуға тырысқан” (Сонда, 157-бет.)

...“Құрманбек Жандарбеков өмірі—өнеге. Ол текке келіп, текке кеткен жоқ, ол туған халқының қажетіне асарлық рухани қазына қорын жасасып, хал-қадірінше еңбек сіңірді. Барша өмірін өнер жолына арнады, оңайлықпен алынбайтын даңқ шыңына кәнігі альпенистердей өрледі, аяқ тайып, қатер ұшында тұрса да, сабырлықпен, төзімділікпен биік нысанаға жете білді. Ең негізі—ол өзі үшін өмір сүрген жоқ”. (Сонда, 158-бет.)

Кәукен Кенжетәев: “...қолымыздан жетектеп алғаш сахна сырын ашқан кісілер — Құрманбек пен Қанабек ағаларымыз еді...”

Қүрекеңе сахна өнерінің қай саласы болса да, ешбір қиындығы жоқ секілді. Бізге Қүрекең үшін режиссерлік те, әншілік

те, бишілік те — бәрі-бәрі де еш қиыншылығы жоқ өнердей көрінетін. Құрекең спектакль қойғанда да, көп ойлап езіліп жүрмейді. Шешіне кірісіп кетеді де, спектакльде негізгі-негізгі айтайын деген ойын тез табатын...

Маған Құрекеңнің өнерпаздық дарыны ешқандай бөгет тоқтата алмайтын жалынды өрт сықылды көрінуші еді.

Сөйтіп, ол — ұлы артист, гажайып режиссер деп білем. (К.Кенжетәев. “Дархан дарын”. “Өнер” баспасы, 1980 ж/, 117–118 беттер.)

Құрағаңның дарын-талантын танытатын мұндай пікірлерді жүзден келтіруге болар еді. Алайда, осы азғана үзіндінің өзінен Жандарбековтің жан-жақтылығы аңғарылып тұр ғой деп ойлаймыз.

Құрағаң қолжазбаны ұстап отырып, мұның ішінде көзімен көргендерім, көңілге кейбір түйгендерім бар деп еді. Сондықтан да кітап осылай аталады. “Көргендерім мен көңілдегілерімнің” қысқаша тарихы осындай.

ҚҰРМЕТТІ ОҚУШЫҒА

Мен ұлт театрының алғашқы құрылған күндерінен бергі тарихын жазғалы отырған жоқпын. Ол бір кісінің қолынан келе де бермейтін іс екені әмбеге аян.

Менің мақсатым театрдың алғашқы ашылуынан бастап, күні бүгінге дейінгі өзім көрген-білген кейбір жайларды кейінгі ұрпаққа жазып қалдыру болды.

Қазақ совет театр өнерімен бірге өстік, бірге жасастық, ыстық-суығын бірге көрдік. Сондықтан да айтар жайлар да аз болмас. Бірақ, бәрін айтып жеткізу мүмкін де емес қой. Мүмкін, мен айта алмағанды басқа көрі тарландар айтар, айтуға да тиісті. Өйткені, біздің қатарымыз селдіреп келеді, қазір аға буын өкілі саусақпен санарлық қана қалды. Олар өзіндегілерді айтып үлгірмесе, келешек ұрпақтың кей жайларды жете білмеуі әбден мүмкін.

Театр маңында жүргелі елу жылдай болыпты. Азды-көпті тәжірибе жинадық, басқа жұрттың театрларын көріп, үйренгеніміз бар, ұлттық өнерді жаңарта жасағанымыз бар дегендей, солардың мән-мағынасын түсіндіре алсақ, бұл да келешек ұрпаққа зиян болмас деп ойлаймыз.

Театр әуесқойларымен кездесе қалсаң, көп сұрақтар қойылады, үйімізге, театрға біздің атымызға хаттар түсіп жатады. Көбінің сұрайтыны: “Өзіңіз жайлы, өнер адамдарының өзіңізбен бірге болған өкілдері жайлы айтып берсеңіз екен”, — дейді. Біріне қысқаша ауызша жауап бересің, біріне бірер бет хат жолдаған боласың, бірақ көбі айтылмай қалып жатады. Көрермендеріміз оған қанағаттанар ма?! Асылы, осындай жазбалар бір сыпыра жайларды оқушыға жеткізер-ау деген оймен қолыма қаламды қайта адым.

1973 ж.

ТАҢ АЛДЫНДАҒЫ АТТАНЫС

1913 жылдың жазы. Біздің ауыл Ақсу мен Арыс өзендерінің аралығындағы Теспе деп аталатын жерді мекенжай ететін. Ақсудың “Көктоғай” деп аталатын кең өзегінде үлкен бір той болып жатты. Мен сол кезде сегізге келген бала едім. Тамашаның бәріне де құмарта қарайтын, көрген-білгенінді әсте ұмытпайтын балғын шақ қой бұл бір. Сол той есіме түссе болғаны, суреті коз алдымнан тізбектеліп отіп жатады. Аттылы-жаяулы сапырылысқан шуы мол қалың жұрт, бәйге балуан күресі, көкпар тартысы — бәрі-бәрі де ұмытылмас көріністер. Бір кезде бала көңілі соншалықты құштар болған, кейін менің бүкіл артистік, режиссерлік творчествома ізін қалдырған қыр суреттері еді бұл. Әсіресе, ән, сондағы гармоньшы жігіт пен кішкене қара торы келіншек шырқаған ән сазы әлі де құлағымда тұрғандай. Сол ән әуенімен Ақсу бойын кезгендей боламын.

Осы екі адам еді бойымдағы әншілік өнердің көзін ашқан.

Гармоньшы жігіт өзіміздің Елеусіз Досымбеков деген туысқанымыз болып шықты. Қырғыз өнді, жалпақ бет, жасы отыздар шамасындағы бұл жігіт біздің үйге сол жазда келген еді. Өзінде байырғы қазақтың өнер қуған өр мінез серісіндей кейіп бар. Он алты тілді гармоньын құлаштай тартып, ән шырқайды. Жалғыз қазақша емес, қырғызша, татарша, орысша да айтып жібереді екен. Біз ұйып тыңдап қаламыз. Әкей сыншыл көзбен қарайтын тәрізді. Ол кісі де жас кезінде домбыра шертіп, ән шырқапты.

“Ерінбеген етікші, ұялмаған әнші болар” дегендей, мен де солардан үйренген әндерімді елден ұрланып ынылдап айтатынды шығардым. Сүйте-сүйте кішігірім той-томалақта ән салатын болдым. Бала күндегі дауыс қандай таза, қарлығы дегенді білмейді, сыңғырлап шығады да жатады. Бұрын айтып қажымаған үн айтқан сайын үдей түседі. Әрине дауыс туа жаратылыста болмаса, гармоньшы ағай мен қара торы жеңгейді естіген соң пайда бола салған жоқ шығар. Олар тек үннің оянуына себепші болған-ау деймін.

Сегіз жасар шағым. “Коктоғайдағы” тойда алғаш шаршы топтың алдына шығып, ән салдым. Бұл той менің беташарым секілді болды.

Жас кезінде жаныңа қатты әсер еткен адамды қартайғанша ұмытпайды екенсің. Енді ойлап отырсам Елеусіз ағай менің көзіме баяғы Біржан сал мен Ақан серіден кем көрінбесе керек. Өзі де өнеріне қарай өрмінез, өжет жігіт болатын. Арғы аталары ерте кезде, әкейдің айтуынша, 1850–60 жылдары күштілердің тіпкісіне шыдай алмай, осы Алматының Шамалған, Қаскелең жерлерінде тұратын Қарақойлы деген елге келіп сіңіп, кірме болып кетсе керек. Сонан соңғы жас ұрпақтың ішінен туған ел-жұртына тартып шыққаны осы Елеусіз екен.

Ел аралап жүрген өнерпаз жігіт әр нәрсені естігіш келеді ғой. Сонау Шымкент уезі, Ақсу болысында Жандарбек Тазабеков деген бауырың бар деген хабар құлағына тиісімен, туған-туысқандарына келіп: “Мен сол ағайды іздеймін, олмесем табамын!” – деп салт басты, сабау қамшылы ел аралап жүріп кетіпті. Жолшыбай Тоқмақ, Пішпек, Мерке, Әулиеата қалаларын басып, айлап жүріп жеткен екен.

Сонымен күздігүні, жиын-теріннен соң, әкей қасына бірнеше адам ертіп, Елеусіз ағайды жолбасшы етіп, осы Алматыға келіп, “қайтамыз” деген тумаларын елге көшіріп әкетіпті. Содан бері Елеусіз ағай өз ауылымызда тұрып жатқан.

Үйіріне қосылғандардың ішінде Ақмат молда да бар. 1914 жылы мен құралпы балалардың барлығын

жинап, біздің ауыл сол кісіні мектеп молдасы етіп ұстады. Мен сол кісінің қолында екі жыл оқып, арабша хат таныдым. Бірақ, молда болу менің де, әкемнің де ойында болған жоқ.

Әкей сол жылы мені молдадан алды да, Шымкенттегі русско-туземное училищеге әкеп оқытты. Қысқы каникулда ауылға келдім. Қыстың күні жұмыс жоқ, шаруалардың қолы бос кезі. Той-томақ көп. Ендігі менің ұстаз серігім Әбдікәрім деген туысқанымыз болды. Бұл да әнші, қазақтың қара олеңін өте жақсы қиыстырып, дәмді етіп айтатын. Біздің елдің тойларында жігіттер мен қыздардың айтыстары жиі болады. Кейде оған да түсіп, Әб-ағам өнер сынасады.

Әбдікәрім ағай өте оңді жігіт еді. Екеуміз қосылып ән салғанда, жұрт сүйсіне тыңдап қалатын. Әбдікәрім де Елеусіз ағай сияқты мені ән айтуға үйретіп отырды. Ән өнеріндегі менің көрген екінші бір мектебім осы.

1917 жыл. Жазғы демалысқа келгенімде ауылдағы ағайын айт пен тойда, қай жерде болса да, құрметті орын беретін болды. Ел ішіндегі ойын сауықты қызықтап жүріп, демалыстың біткенін де білмей қаласың. Жазғы каникул бітті. Күзде оқуға қайта келдік. Қаланың іші бұрынғыдай емес, бір үлкен оқиғаның қарсаңында тұрған сияқты, жаңа дүниенің келуін күткендей ел құлағы елендеп отыр. Бір түрлі жаңа үн де бар сияқты. Оқу жылының бірінші жартысында қызыл жалау көтеріліп, Октябрь төңкерісі болды. Совет өкіметі құрылды деп, барлық халық жаңаша әрекетке кірісіп кетті. Қаладағы баяғы уездік начальник, пристав кеңселері өзгерді. Жұрттың “жолдастар”, “товарищи” деген көтеріңкі даусы о жер, бұ жерден естіле бастады. Халық арасында, ел арасында бостандық болды, еркіншілік орнады деп жарияланды.

Теңдік тиіп әкей Шымкентте қызметке орналас-ты. Өмір тіпті басқаша бет алды. Октябрь төңкерісінен кейін қаладағы оқыған жігіттер сауық үйірмелерін

құра бастады. Драма, хор, жеке ән, декламация, би үйірмелері ашылды. Сол үйірмелерге ән салатын, өнерге икемі бар оқушы жастардың көбі қатысты. Мен де қатардан қалыспадым. Үйірмеге ұйтқы болып жүргендер — мұғалімдер, оқыған азаматтар. Солардың ішінде семинарист Рақматолла Садықов деген кісі бар. Ол скрипканы нотамен тартатын, музыкалық сауаты бар екен. Тіпті, биден де құр алақан емес боп шықты. Ол музыка мен биден жетекші болды.

Домбыра мен ән салатын, егделеу келген Сұлтан Байғанбаев деген ағай осы үйірмелердің бәріне басшылық жасап отырды. Мұндай іс, жаңалық қызықты болып көрінгендіктен бе, кім білсін, бәріміз ынталымыз.

Мен би және драма үйірмелерінде жас балалардың ролін ойнаймын. Әлі жассың деп хор, ән үйірмелеріне қоспаған. Тақпақ айтатын болып, бірінші рет өтетін үлкен сауық кешіне даярланып жаттық. Бір күні хорды бастаушы Кеден, Еркімбек дейтін екі азаматымыз бірдей ауырып қалды. Сауық кеші хабарланып та қойылған еді, арамызда жүрген ағалар не істерлерін білмей дағдарысты. Солардың ішінде біздің мектепте оқитын Нұғман Сәрсенбаев дейтін ересек жігіт; “Бір айтса, осы өленді, жас та болса, Құрманбек айта алар. Даусы да жаман емес, осыған айтқызып көріңіздерші”, — деп ұсыныс жасапты. Өзгелер сенер-сенбесін білмей маған сенімсіз қарайды. Жасым 12-де болғанымен, бойым өте кішкентай еді. Сондықтан ба екен, әйтеуір мені менсінбейтін сияқты. Сөйтсе де айтқызып көрейік, неміз кетеді дегендей: “Кәне, сен айтып көрші”, — деп маған қарады. Хор үйірмесінің де даярлығына қатысып, барлық әндерін үйреніп алғаным мұндай жақсы бола ма?!

Айтшы деген сөз ауыздарынан шығуы-ақ мұң екен, шырқап жібердім. Манадан бері күмәнданып отырғандардың бір-біріне қарасып, жымындасқанын байқадым. Ішім бұлк ете түсті, қуанып қалдым. Да-

уысым шырылдап, тым жоғары шықса керек, скрипка тартатын Садықов ағай ән ырғағын үйретіп қайта айтқызды. Сөйтіп, хорға қосылып үйреніп кеттім. Бұл менің өлең онеріндегі үшінші мектебім болды. Рақматолла Садықов ағай енді бірте-бірте мені хорға дирижерлік етуге де баули бастады. “Әннің ырғағына қарай сілте қолыңды, таяқ сияқты қатып қалма-сын, бастау ұста, яғни білек “буынсыз” болсын. Айттып тұрған әннің ырғағынан айрылмай, бастауың мен аяқтауыңды бірдей етіп алып жүрсең болды”, — деп қол сілтеудің ережелерін айтып, өзі көрсетіп те қояды. “Бастағанда бәрі бірден бастайтын болсын. Бірі ерте, бірі кеш қалып жүрмесін. Аяқтауы да бір мезгілде болуы тиіс. Белгі бергенде бәрі бірдей тоқтасын”, — деп, 3—4 күн үйретіп, ойын көрсетуге шығар алдында: “Сен әнді де бастайсың, дирижерлік те етесің”, — деп тапсырды. Маған бәрі де қызық, бәріне де көніп жатырмын. Алып ұшқан балалық күштарлық билеп алған, қорқу, ұялу деген ойға кіріп шықпайды. Хорды еркін бастап, ән салып, дирижерлік етіп шықтым. Қуанышым қойныма сыймады. Менің негізгі мамандығым осы сияқты, өзімді көптен істеп ысылған адамдай көремін.

Рақматолла ағай менің жанағыдай жағдайларымды біліп әрі жасы ұлғайыңқыраған кісі болған соң өзі дирижерлік етуге ұялып, маған тапсырып жүрген жайы бар екен.

Айтылған күні сауық кешіміз болып өтті, халық өте көп жиналды, клубқа сыймады. Түскен қаржы кедейдің балаларына, қарасатын адамы жоқ оқушыларға жәрдемге берілді. Енді біздің бұл үйірменің жұмысы жұртқа көріне бастады. Біраз күннен кейін ойынды тағы бір қойдық. Бұл жолы көруге құмартқан жұрттың көптігінде қисап жоқ еді. Сауық кеші аса табысты өтті. Енді бұл үйірменің даңқы жалғыз Шымкент емес, Түркістан, Әулиеата уезінде де тарай бастады.

Біз 1918 жылдың февраль айы ішінде Түркістан қаласына гострольге келдік. Поезбен жолға шыққа-

ным тұңғыш рет. Әскерлер поезбен ағыл-тегіл жүріп жатқан кез. Вагонда орын жоқ. Сұлтан Найманбаев әр вагонға екі-үш адамнан орналастырды. Маған бәрі қызық секілді. Арыс станциясына түнде барып едік, электр шамдары жарқырап, маған өте үлкен қала болып көрінді. Ертеңіне күндіз Түркістанға жеттік. Түркістанның қалалық клубына халық деген сыймады. Концерт басталды, бірінші мені жіберді. Мен сахнаға көзім жайнап, ойнақтап шыға келдім. “Әу” деп айқайлай жөнелгенде, залдың арт жағынан мылтық атылғандай шатыр-шұтыр дауыс шықты. Олең де адыра қалды, манағы күліп тұрған көзге үрей, жас келіп, жылаған күйі сахнадан қаша жөнелдім. Сұлтан ағай: «Түк те болған жоқ, тақтай сынды, ешқандай мылтық атылған жоқ, жылама, жаным»,— деп жұбатып жатыр. Сонда да өксігім басылар емес. Залдың шамы жанғанда ол кісі сынған орындықтарды апарып көрсетті.

Артқы екі қатар орындықтар қирап қалыпты. Залдың арт жағындағы жұрт мені көре алмай, ұзынша орындықтардың үстіне шығып кетсе керек. Шынында, мылтық емес, орындық екеніне көз жеткен соң сабама түскендей болдым. Сонымен, тағы да бойдың қысқалығынан таяқ жедім.

Программа бойынша ойынды мен бастауым керек. Сахнаға қайта шықтым. Енді жайпақ орындыққа шығып, әнге бастым. Залдың іші бастапқыдай күңгірт емес, жарық, жұрттың бәрін көріп тұрмын.

Бес-алты ән айтып, мен де сахнадан кеттім. Халық қол соғып қайыра шақырады, мен алдарына шығып бір-екі рет басымды ием. Концерт жүріп жатыр. Басқа жолдастармен шаруам жоқ, өзіммен-өзім, қайта-қайта шақырғанға мәз-мейрам боп жүрмін. Қуаныш дегеннің не екенін сол жолы білгендеймін.

Қалай қуанбассың, бұл менің өнер жолымдағы тұңғыш қадамым ғой. Сахнаға шыққан артистік өнерімнің басы осы еді.

Күзде Шымкентке қайта оралсам, русско-туземное училище үйден келіп оқитын балалардың

мектебіне айналыпты. Жатақханасы болмаған соң, мен де үйден қатынап оқитын болдым. Сол жылы Ташкентте қазақтың педучилищесі ашылып, арамыздан біраз ересек балалар соған кетті.

Бір күні әкей маған көйлек-көншек, киім-кешек тіктіріп әкелді. Қолындағы бір жапырақ қағазды беріп: “Ал, балам, сен енді Ташкентте оқитын болдың, мынау қағазың”,— деп, Шымкенттің уездік ағарту бөлімінің бастығы Шамғали Сарыбаев қол қойған куәлікті ұсынды. “Балам, Ташкент—үлкен қала, онда оқыған да жақсы. Адам бол, балам”,— деп жол қаражат ақшасын беріп, ақылын айтты.

Көп ұзамай-ақ киім-кешек, заттарымды алып, станцияға келдім. Сұрастырсам, Ташкентке жақын арада поездан хабар жоқ. Қашан келеді белгісіз. Ол кезде паровоздың отыны — сексеуіл. Тас көмір дегеніңізді көзіміз көрген емес. Кеш болды. Поезд күткен жалғыз мен емес, адам өте көп. Таныс біреу-міреу кездесе ме деп іздестіре бастадым. Станцияның төменгі жағындағы ойпаңда бір-екі шайхана болатын, сонда барып едім, өзім танитын төрт жігіт кездесе кетті. Жөн сұрасам, бұлар да Ташкентке, педучилище жанындағы екі жылдық мұғалімдер курсына бара жатыр екен. Олардың қағаздарына да Самғали Сарыбаев қол қойыпты.

— Құрманбек қарағым, біз үш күннен бері осы жерде жатырмыз,— деп Асқар ағай күрсініп қойды. Поездан еш дерек жоқ. Мақұл десеңдер, аяндай берейік.

Әуелде жүрексіңсек те, келе-келе мейлі десіп, қоржынымызды иыққа салдық.

Содан басшымыз Асқар ағай, бес адам Арыс станциясына дейін жаяу жүріп кеттік. Мына шығарда Асекең: “Ол станциядан поезд үзілмейді, соған жетсек, Ташкентке жеттік дей бер”,— деген. Ұшарға қанатымыз болмай тұрғанда, бұл сөз ойға қона кеткен. Жаяулап-жалпылап Арысқа жеттік.

Бүгінде Шымкент пен Ташкенттің арасы қол созымай, ал ол кездің поезымен екі күндік жер. Аяндай жүріп отырып, екінші күні Ташкентке келдік.

Арып-ашып әрең жеткенімді қайтейін, педучилищеге емтихан тапсыра алмай қалдым. Шалқыған қоңіл су сепкендей басылды. Оқуға түсе алмаған, елге қайтатын балалар жататын үй бар екен, мені сонда жіберді.

Жиырма шақты бала үлкен текеметтің үстінде аунап жата бердік. Бір жерге орналастырар деген арқа сүйер адам да жоқ. Бірақ, менде қайтадан ауылға қайтатын ой да жоқ. Қалай болса да, осы Ташкенттен кетер емеспін. Күнде таңертең мектепке барып, кешке дейін сол жерде жүремін де қоямын. Келгеніме екі жетідей уақыт өтті. Ақша да таусылды. Өзім де жүдеп-жадап болдым. Шымкентте ашылған біздің үйірмеде Нұғман Сәрсенбаев деген жігіт болушы еді. Ол осында курста жүр екен. Сол жігіт мектеп бастықтарына, мұғалімдер мен тәрбиешілерге сөзі отімді-ау деген ересек жігіттер арқылы сөз салдырып, мен туралы айттырыпты. Даусы жақсы, әнші бала, түбінде керек болар, білім жағынан жәрдемдесеміз деген болуы керек. Бір күні түс кезінде біз жатқан үйге бір бала келіп: “Құрманбек Жандарбеков деген қайсың?”, — деп жар салып жүр. Мен қорқып қалдым. Біраз үндемей тұрдым да: “Мен едім”, — дедім. “Жүр, сен болсаң, мектеп бастығы шақырып жатыр”, — деп ай-шайға қарамай, мені қолымнан жетектей жөнелді.

Мектепке келдік. Барлық мұғалімдер жиналған, бастық та сонда, кадеттердің киімін киген курсант студенттер де жүр, фойенің іші лық толы адам. Бұларды көргенен кейін тіпті аң-таң болдым. Мектеп бастығы Иса Тоқтыбаев деген ағай: “Бері кел, бала”, — деп шақырды. Бәрі мені қоршап алды, орталарында қалдым. Қарасам, күлімсіреп бағанағы Нұғман ағай да сонда тұр екен. Тәркінімді көргендей көзіме жас келді. Бастығымыз: “Бала, сен ән сала білесің бе? — деді де, менің жауабымды күтпестен, — көне, бір ән салшы, даусыңды естийк”, — деді.

Бұрын концерттерде ән салып үйреніп қалғандікі ме, әйтеуір, іркілгем жоқ. Балалардың біреуіне орындық алғызып, соның үстіне шықтым да, шырқай жөнелдім. Бір жәрдемі тимес пе екен дегендей, аянбай барлық өнерімді салып, шырқай бердім. Бір-екі емес, алты-жеті ән салдым.

Байқаймын, тыңдаушылар ұнатып отырған секілді. Күлімсіреген жүздерге көзім түсті. Өлең айтып болған соң, жерге түстім. Бастық қасында тұрған бір кісіге: “Мына балаға бойына шақ киім, төсек-орын беріп, алынған балалардың тізіміне қос”, — деп сыбыр ете қалды. Сонымен, ән тағы да білімге жол ашты. Әннің арқасында оқуға түстім. Бірақ, оқу қиынға соқты.

Ташкенттің қысы керемет жайдары болады. Бүгін түскен қар ертең еріп, көктемдей елжіреп тұрады. Күні жайма-шуақ, аспаны шайдай ашық, үйде отырғымыз келмейді. Сондайда Ғани ағай (Мұратбаев) мені оңаша, тамның үстіне алып шығып, сабақ оқытып жүрді.

Міне, біз бүгін де тамның үстінде күн шуақтап отырмыз. Аспан меңсіз, мөп-мөлдір. Айнала жымжырт. Биікте қалықтап екі-үш кептер жүр. Ғани ағай да мөп-мөлдір аспанға қадалып, үнсіз жантайып жатыр. Не ойлағанын кім білсін. Ойлы адамды не ойлады екен дерің бар ма? Ол әлден уақытта маған бұрылды да, жымысып күлді. Маңдайымнан сипады. Сосын:

— Көне, балапаным, сен анадағы «Сәулем-ай» деген әніңді айтып жіберсең қайтеді, ә? — деді.

— Жарайды, аға, оның несі қиын дейсіз, айтсам, айтып жіберейін, — дедім.

— Сен қысылмай айт. Менен басқа тыңдаушың жоқ, — деп жантая жатқан күйі тағы да аспанға көз тікті. Мен сызылтып қана, нәшімен «Сәулемайды» бастап кеттім.

Жаналының бауырында бір топ құрай, еркем-ай,
Мойын созып су ішер бозша торғай,

Сәулем-ай, сәулем-ай.

Күні бүгінге менің көз алдымда қалған бір нәрсе — оның сол езу тартып, жымыған ақ құба жүзі, осынау кіршіксіз аспан сияқты кіршіксіз сияқты тұнық жанары. Көк жүзінде қанат қаққан көк кептерді бағып жатыр ма, жоқ, әлде түпсіз қиялға шалқып кеткен ән қанатын көңілмен ілді ме, әйтеуір, оның нұрлы реңінде бір толқудың ізі, ғажайып бір жылы шырайдың нышаны бар. Мен әнді бұрынғыдан да көтере, еркіндей салдым.

— Ал, балапаным, бүгінге осы да жетер... — деп ән аяқталған соң орнынан тұрды да, тағы да басымнан сипады.

Ғани аға мені екі айдан артық оқытты. Еңбек ақыға алғаны — ән ғана. Аспандағы арманымға жол сілтеген асыл ағаға борышымды әнмен ғана өтегендей болдым. Бірақ, бұл өтелмейтін борыш еді.

— Ал, балапаным, енді қатарыңнан қалма, өнерің өрге жүзсін, — деп маңдайымнан иіскеп, болашақ өмірімнің бақытты болуына тілек білдіріп, Ғани аға соңғы сабағын аяқтады. Ол кісінің мұндай қамқорлығы менімен ғана бітпейді, кейін талай жетім-жесір, панасыз балаларға жасаған қамқорлығын көрдім. “Біздің Ғани” деп оны бекер атамаған едік.

Әуелде мектепке алғанда менен жұрттың басқа бір күткені бар еді. Ол әнші бала деген жағы болатын. Шымкенттегі үйірмеден үйреніп келгенім бар және бұл жерде де өнерпаз адамдар жеткілікті екен. Хор үйірмесін құрып, дирижерлік үйреніп, күш салдық. Бара-бара үйірменің шеңбері кеңи бастады, жалғыз хор ғана емес, би, драма үйірмелері де ұйымдастырылды. Жастардың ішінде не шықпайды, осы үйірмелерге бейімді жігіттер таныла бастады. Алдыменен мұғалімдер, тәрбиешілер өздері қатысты. Біздің үйірменің жұмыстары жұрт көзіне түсе берді. Ол кезеңде театр жоқ. Үйірмелердің кештері мектепте өтеді. Бұған келуші жұрт та баршылық.

Бұрын-сонды мұнда сауық кештері көп болған емес. Сондықтан біз де, көруші жұртшылық та өте

қызықтап қараймыз. Сауық кеші бір үлкен мейрам сияқты, ойнаушылардың да, көрушілердің де әзірлігі зор болады.

Ташкенттегі тұрғылықты қазақтар да, қызметкерлер де үлкен мақтаныш ретінде біздің даңқымызды таратып-ақ жібереді. Мұнда мектеп қазақ, өзбек, татар мектептері болып жеке-жеке аталатын. Қазақ мектебінде — қырғыз, қазақ; өзбек мектептерінде — өзбек, тәжік, түркімен; татар мектебінде — татар, башқұрт балалары оқиды. Азғана уақыттың ішінде біздің мектеп үш жерге — бұрынғы кадет корпусы тұрған әскери училищеге, сонан соң оның жанындағы 7 флигельге көшірілді. Бұл жерде тұрғын жай тарлық етті. 1920 жылдың басында мұнда ер балалар гимназиясы болған екен. Күйдірген қызыл кірпіштен салған екі қабат үй кейін жұмысшылардың балалары қатынап оқитын мектепке айналды. Соған кошкеннен кейін мектеп үйі кеңейіп, оқу жылының басында, күз айында мектебіміз қазақ-қырғыз мұғалімдер институты болып аталады. Сөйтіп оқу программасының көлемі де ұлғайып, сапасына да қатты көңіл бөлінді. Бұрынғы төртінші класста оқитын жігіттер негізгі екінші класқа ауыстырылды. Біз, негізгі екінші класста оқитын балалар, негізгі бірінші класқа қосымша класс ашылып, сонда оқитын болдық. Бізден кейін тағы екі даярлық класы ашылды. Бірінші даярлық класына түскен азаматтар институтты 7 жылда бітіріп шығатын болды. Бұрынғы семинарияда, гимназияда дәріс берген мамандар көптеп келіп, бізді оқыта бастады. Институтта қатаң тәртіп орнады. Дегенмен, ол өнер, сауық істерімен айналысуымызға көп кедергі келтірген жоқ.

Сол 1919—20 жылдары қазақтың панасыз балаларына Ташкентте көптеген интернаттар, балалар үйі ашылды. Соларға басшылық етіп, балаларға қамқорлық жасаушылардың бірі Ғани болатын. Ғани Мұратбаев жетім балалар тәрбиесіне өте үлкен мән беріп, жүздеген панасыз жастарды орналастырған еді. Бас

кезінде балалар тәртіпке көнбей, қашып кетіп жүрді. Оларды қайтадан тауып әкеп орналастыруға Ғани аға ерінбейтін. Жалпы панасыз балаларды көңілін аулап, тәртіпке біртіндеп қондіретін бір тәрбие жұмысы қажет болды. Ғани аға сол үшін көркем өнер ісіне де мән берді.

Мені балалар үйіне ертіп барып, ән салдырып, оларды ән айтуға, билеуге үйрету жұмыстарына араластырды. Мен де қолдан келгенімді аямай, оқи жүріп, балалармен бір-екі жыл жұмыс істедім. Үйірмелердің қызғылықты жұмысы балалардың тұрақтап қалуына көп жәрдем етті.

Сол жылдары біздің институттың жанында бастауыш мектеп ашылды. Оны “опытная школа” дейтін. Бұл мектептердің өздерінің программасына қарай көптеген шеберханалары, үйірмелері бар. Сол үйірмелердің біріне үйретуші болып, ағалар қатарына мен де қосылып қалдым. Осыдан бастап балалықпен қоштасып, ағалыққа жетіп қалғанымды сезе бастадым.

1921 жылдың басы. Әулиеата (қазіргі Жамбыл) қаласында өткен қазақ-қырғыз союз қосшыларының бірінші съезінің делегаттарына арналған салтанатты кеште біраз үйірмелердің өнер көрсетуіне тура келді. Ептеп шағын пьеса қоймақпыз. Басты рольді Сара Есова ойнайтын болған. Мен, болса-болмаса да, ән жағында жүремін. Съезге бір шеті Аралдан, сонау Пішпек, Токмаққа дейінгі аралықтан делегаттар келген. Соншама көпшілік алдына шығу оңайға түспеген. Бірақ абыройсыз да болғанымыз жоқ. Бұрын әнші бала атансам, енді Құрманбек әнші атандым. Біраз жердің өкіліне танылғаным да ризамын, қуаныштымын. Көп ұзамай Ташкентте Орта Азия халықтарының “Шығыс кеші” деген саяси мәні зор кеш өткізілетін болды. Бұл кеште қазақ, қырғыз атынан шығып, өнер көрсететін кезек біздің институтқа берілді. Біз де өзімізше әзірлік жасап жатырмыз. Бір актілі пьеса көрсетпекпіз. Сексен баладан құрған хор мен жеке әншілер тағы бар.

Май айының іші. Бір күні бәрімізді киіндіріп, таңертенгі шайдан кейін ескі шаһарға апаратын болды. Митинг, парад болады деп, жақсылап сапқа тұрғызып, алып кетті. Кошеде аяқтарымызды бірдей алып жүруіміз керек. Киімдер бірдей және таза, жалғыз-ақ, маршпен жүруге оркестр жоқ, сондықтан өлең айтып, аяғымызды бірдей басамыз. Толып жатқан марш өлеңдеріміз бар, соларды бірінен кейін бірін айтып, көшені жаңғыртып, сән түзеп бардық.

Ташкенттің күні ыстық, көшеде шаң бұрқылдап жатады. Әсіресе, шаң ескі қалада көп, көлеңкелейтін ағаш некен-саяқ. Түс ауа мектепке қарай қайттық. Тағы да сол алғашқыдай өлеңдетіп келе жатамыз. Бастаушы – мен, жана қала мен ескі қаланың арасы біршама, барып қайтқанша өлең айтқан соң, шаң жұтқан тамақ қарлығып қалды. Келген соң жуынып, ас ішіп, жатып қалып едім, бір кезде директор келіп: “Қарағым, тұр, қазір кализейде жалпы репетиция болады. Соған тез балаларыңды жинап алып жүр”, – деді де, шығып кетті. Ұйықтағасын тіпті үн шықпай, сыбырлап қалыппын. Не істерімді білмей, төмендегі лазаретке барсам, фелдшер бар екен, өлең айтуға болмайды деп тамағымды майлап, мойнымды орап берді. Дәрігердің айтқанын орындайын десем, басшының аты басшы емес пе, директордың үнінде қатқылдық пайда болды. Амал не, бұйрықты орындамауға шама да жоқ. Тәуекел еттім. Сенгенім – үш әнші бар еді, бүгін хорды солар бастап жіберсе деп ойлаймын. Үшеудің біреуі Ұлбосын Тұрдықұлова, яғни Үрия, анау екеуі Әлібек пен Жұмағали дейтін жігіттер. Кезек бізге келгенде, сол үшеуі “әу” деп бастап барып тұрып қалды. “Жайшылықта ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас” деген. Үш рет бастап, үш рет тоқтады. Залдың іші толы адам. Жюри мүшелері де отыр. Қатты састық, енді сахнаны жауып, шығарып жіберетін шығар-ақ деп қорқа бастадым.

Сасқанымнан тамағымдағы орамалымды шешіп тастап, қырылдаған дауыспен өзім бастап жібердім. Сонымен екі ән орындағаннан кейін жюри енді айтпай-ақ қойсын, бәрін де қабылдадық деп хабар жіберіпті. Біз де қуанып қалдық. Ақыры біз “Шығыс кешіне” қалған номерлерді көрсетпей-ақ қатысатын болдық. Бірақ, менің директорға деген бір өкпемді айтпасыма болмады. Әншінің тамағы инесін жаңалап, бұрап-бұрап жіберсең, айта беретін патифон емес. Соны ескермегеніне және репетицияның қашан “Шығыс Кешінің” қай күні болатынын ескертпегеніне ренжимін. Бірін де білмейміз. Осылардың бәрін бізден жасырын, өздері ғана біліп жүргеніне емес, соған өзірлік, күтініз деген мәселелерді ойламай, бізді патефон сияқты коретіндеріне ренжідік. Дегенмен, әйгілі “Шығыс кешіне” қатысып, қазақ-қырғыз институты алдыңғы жүлдеге ие болды.

Сонда кешті көріп отырған ТурЦИК-тің председатели Нәдірбай Айтақов деген кісі мені шақыртып алып: “Музыка мектебінде оқисың ба?” — деді. Сүйген өнерің болған соң, оқымаймын деп қалай айтасың?! “Оқимын”, — дедім. Сонымен, жазғы демалыста сол музыка мектебінде үш айдай оқыдым. Күзде оқу басталғанда біздің бастықтар: “Қазақ халқы қазіргі күнде мұғалімдерге зәру, егер Құрманбек қосымша музыка мектебінде оқитын болса, бұл жердегі орынды босатсын”, — депті. Амал жоқ, ақыры музыка мектебін аяқтай алмадым.

Әр кезеңнің бір есте қалар оқиғасы болады ғой. Сол кештен менің есімде қалған бір жайды айта кетейін. Бұл — менің симфониялық оркестрді бірінші тыңдауым еді.

Оркестр өзбекше бірнеше күйлерді, саздарды орындады. Сексен бес адамнан құралған симфониялық оркестрге қосылып бір өзбек жігіті “Түркістан” деген өзбек әнін айтты. Тыңдаған адамдардан оған риза болмағаны жоқ-ақ шығар. Даусы оркестр үнін